



Біздің жастарымызға мақсаткерлік, болашаққа деген шүбәсіз сенім,
мойымас жігер, кез келген істі қолға алуға деген құлшыныс тән.

Нұрсұлтан Назарбаев

Қадірлі әріптестер және студенттер!

Сіздерді Жаңа 2012 Ұлу жылымен шын жүректен құттықтаймын!

*Өркеніетті еліміздің халықаралық үлгідегі жоғары білім мен
тәрбие беру ісіндегі абыройлы еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге
саулық, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін.*

*Тәуелсіздігіміз баянды болып, салиқалы саясат пен бағдарлы
бағыт арқасында кемел келешегімізге кепіл бола білетін
жастарымыздың, терең білімді, бәсекеге қабілетті
маман болып қалыптасуларына тілектестігімді білдіремін.*

*Жаңа жыл жаңа бастамалардың жаршысы,
табыс пен жақсылықтың жылы болғай!*

Ізгі тілекпен,
Асхат Сәлімұлы Иманғалиев,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің ректоры

■ Фотосәнгер БҚМУ - 2011

80 жылдық тарихы бар М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай университет студенттері арасында бұрын-соңды болмаған, нағыз сұпұлар мен сымбатты арулардың «Фотосәнгер БҚМУ – 2011» байқауы өткізілген болатын. Екі ай көлемінде талай қызықты басынан өткізген, білім мен білгірлікті қатар ала жүріп, сұлулық әлеміне саяхат жасаған «Фотосәнгер БҚМУ – 2011» байқауының шешуші, қорытынды кеші университеттің акт залында күтпеген заманауи сәттерге толы, тың жаңалықтар мен үлкен табыстарды игерген таңғажайып мерекелік кеш ретінде өтті.

АЙЗАДА - университеттің фотосәнгері

Түрлі тақырыптарды фотосуретпен байланыстырып, қоғамдағы өзекті проблемаларды фотосурет тақырыбына арқау еткен бұл байқауға қатысуға ниет білдіргендердің саны аз болмады. Қырыққа жуық қыз кастингке келіп, он бесі негізгі байқауға таңдалды. Апта сайын фотосессия қорытындысы бойынша бір ару қызымыз апта жеңімпазы атанса, енді бірі тақырыпты аша білу қабілеті мен фотосуретке түсу өнері бойынша сарапталып байқаудан тыс қалып отырды. Байқау басталғалы екі ай көлемінде, қырық қыздың ішінен топ жарып, мәреге жеткен төрт арудың қатарында «халықаралық қатынастар» мамандығының 1 курс студенті Айзада Қасиетова, «дизайн» мамандығының 1 курс студенті Эльмира Қазиева, «музыкалық білім» мамандығының 1 курс студенті Ару Байғалиева, «биология» мамандығының 1 курс студенті Гүлназ Атаева болды.

Байқау барысында қатысушыларымыз экология тақырыбында суретке түскенін айтып кеткен абзал. БҚМУ жанындағы «Fashion exclusive» сән театрының дизайнері, «Фотосәнгер БҚМУ» байқауының арт-менеджері Нұрлан Ақжігітовтың қолынан шыққан туындылар олардың тақырыптарының аша білулеріне үлкен көмек болды. Фотосессия соңында қатысушыларымызбен бірге өзен жағалауына сенбілік жүргізген болатынбыз. Қаламыздың мөлдір бұлағы Жайық өзенінің ластануы бүгінгі таңдағы толғандырар өзекті мәселе екені

ақиқат. Сонымен қатар, соңғы апталардың бірінде, байқауға қатысушыларымыз ретро стиліндегі киімдермен фотосуретке түскен болатын. Фотосессия болмас бұрын тың дайындалған қатысушыларымыз 70-80 жылдағы киноларды қарап, сол заманның тарихына да көз жүгірте білді. Осы аптада рэтро жанры бойынша биші әрі сәнгер А.Тілеуғалиевтен шеберлік-класын алған болатын.

Бұл қорытынды кешке екі ай бойына арулармен жұмыс жасаған білікті мамандар, сондай-ақ демеушілер қатынасты. Қорытынды кеште мәдениет және өнер факультетінің деканы М.М. Нағымова, «Эля» сән үйінің білікті шебері Ш.М. Сапарова, «Жастар жанары» облыстық жастар газетінің бас редакторы В.М.Гайнуллина, БҚМУ түлегі, биші, білікті сәнгер Аслан Тілеуғалиев, «АсНұр» студиясының директоры А.Ғабдрашитұлы, «БҚМУ Студенттер кәсіподағы» ЖҚБ төрайымы А.Перғалиева, «Step up» би үйірмесінің жетекшісі С.Даутов, тәрбие ісі жөніндегі бөлім психологы А.С.Жақсығалиева, мәдени-демалыс жұмысының жетекшісі М.Қ.Сүлейменов, «Фотосәнгер БҚМУ» байқауының арт-менеджері Н. Ақжігітов төрелік етіп, қимыл-қозғалыстарын сараптап, әділ бағасын берді.

(Жалғасы 4 бетте)





ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ЖАРҚЫН БЕТБҰРЫСЫ

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Қазақ мемлекеттілігі: жарқын бетбұрыс, жойқын ұмтылыс (1991 – 2011 жж.) атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.



Конференция жұмысына тарих ғылымдарының докторы, Ресей мемлекеттік туризм және сервис университетінің профессоры Дина Ахметжанқызы Аманжолова, Түркия елінен тарих ғылымдарының докторы, Мимар Синан көркем өнер университетінің профессоры Әбдіуақап Қара, филология ғылымының докторы, Түркологиялық зерттеулер институтының ізденушісі Мұрат Сабыр, Қазақстан, Ресей, Украина мен Өзбекстанның жетекші жоғары оқу орындарының оқытушылары он-лайн режимінде баяндамаларын ұсынды. Сондай-ақ тарих ғылымының докторы, БҚО тарих және археология орталығының директоры М.Сдықов, БҚО ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары М.Төрегелдиев, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.

Конференция барысында Қазақстан мемлекеттілігі қалыптасуының құқықтық негіздері, Батыс және Шығыс Қазақстанның даму тарихы, ТМД елдерінің бірігу үрдістері, Қазақстанда көркем әдебиет қалыптасуының тарихи аспектілері, мемлекеттік тіл дамуының мәселелері, қазақ пәлсапасының ерекшеліктері мен оның дамуының мәселелері талқыға салынды. Сондай-ақ ғалымдар Қазақстанның конфессияаралық жағдайы, еліміздің тәуелсіздік жағдайындағы тұрақты экономикалық дамуының қалыптасуы сынды өзекті мәселелерге ой ербітті.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Батыс Қазақстан облысы тәуелсіздік жылдарында» атты экономикалық тақырыптағы факультетішілік конференция өтті.

Еліміз тәуелсіздік жылдарында

Студенттерді ғылыми тұрғыдан біліктілігін арттыру, ел тәуелсіздігінің 20 жылындағы экономикасының дамуына және болашақта гүлденуіне өз ізденістері арқылы үлестерін қосатын студенттерді тәрбиелеу шараның мақсат-міндеті болатын. Шарға Жәңгір хан атындағы БҚАТУ профессоры Т.Н.Траисов, Шағын бизнес орталығының экономист маманы К.Д. Махмудова және университеттің профессор-оқытушылары мен студенттері қатынасты.

Оқытушылар мен студенттер аталмыш тақырыпта баяндамаларын көпшіліктің назарына ұсынып, ғылыми ізденістерінің нәтижелерімен бөлісті. 2 секция бойынша өткен отырыста білім берудегі инновация, Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызмет, еліміздің 20 жыл ішіндегі экономикасының дамуы және инновациялық даму стратегиялары, өндіріске жаңа технологиялар, заманауи ақпараттық бағдарламалар енгізу сынды мәселелер көтерілді.

Озық тәжірибелерін ортаға салған бір топ ғалым-ұстаздар мен студенттер қазіргі таңда менеджментті ақпаратпен қамтамасыз ету, елдегі туризм индустриясының қазіргі жағдайы және оның ел экономикасына әсерін, олардың шешу жолдарын қарастырды.

Тәуелсіздікке 20 жыл: дін, қоғам және заң

Батыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Жайық» деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Жәңгір хан атындағы БҚАТУ акт залында Тәуелсіздіктің 20 жылдығы аясында «Тәуелсіздікке 20 жыл: дін, қоғам, және заң» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болды.



Конференцияға БҚО ішкі саясат басқармасының бастығы Т.И.Имашев, Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі С.С.Сейтбеков, БҚО Дін істері департаментінің директоры Т.Р.Нығметов, БҚМУ ректоры, академик А.С.Иманғалиев және профессор Б.Б.Траисов қатысты.

Тарих ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ бірінші проректоры Ә.С.Тасмағамбетов, БҚО Дін істері департаментінің бас маманы Ғ.Ж.Мәжитов, БҚАТУ жастармен жұмыс бөлімінің жетекшісі М.С.Ержақыпов, БҚО ішкі саясат басқармасының бас маманы Л.Шағатай және БҚО ЖОО және арнаулы оқу орындарының ұстаздары мен студенттері, аудан әкімінің орынбасарлары, облыс, аудан, қала мешіт имамдары, мектеп психологтары қатысып, өз баяндамаларын ұсынды. Конференция барысында Батыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының қолдауымен дәстүрлі емес дін ағымдары жайында түсірілген бейне-фильм көрермен назарына ұсынылды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында өткен конференция жұмысында діни жағдай, жастарымыздың діни сауаттылығын арттыру мақсатында жасалып жатырған және жасалатын жұмыстар туралы айтылып, дәстүрлі емес діни ағымдардың елімізде көбейіп отырғандығы, олардың жастарға әсері, зиянды әрекеттерінің алдын алу жолдары туралы айтылды. Десек те, жастарға дәстүрлі діні түсіндіріп, жат ағым жетегінде кетуден сақтану жолында әлі де ауқымды шаралардың жасалатындығы сөз болды.

В Западно-Казахстанском государственном университете им. М.Утемисова состоялся on-line семинар «Выполнение параметров Болонского процесса в ЗКГУ им.М.Утемисова», посвященный Дню образования и проводимого в рамках Акции «20 звездных дней - 20 вершин Независимости».

МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: практика внедрения Болонского процесса



Качество Высшего образования долж— но отвечать самым Высоким междуна— родным требованиям. Вузы страны должны стремиться войти в рейтинг Ведущих университетов мира.

Н.А.Назарбаев

Вопросы образования затрагивают интересы всех граждан любой страны. От доступности и качества образования зависят перспективы успешного развития государства, рост благосостояния населения и успехи личной карьеры каждого отдельного человека.

В Казахстане идет серьезная модернизация образования и введение новых требований к его качеству. Для международного признания национальных образовательных учебных программ, обеспечения мобильности обучающихся и преподавателей организаций образования, а также повышения качества образования и обеспечения преемственности всех уровней образования в организациях образования реализуется единая кредитная технология обучения.

В ЗКГУ им. М.Утемисова предпринимаются практические шаги по осуществлению эффективного внедрения параметров Болонского процесса: академической мобильности обучающихся и преподавателей, модульных образовательных программ, двухдипломных программ, сетевых консорциумов вузов, академических обменов между вузами-партнерами и др. На on-line семинаре речь шла об этих актуальных вопросах.

On-line семинар предоставил участникам необходимые знания по широкому кругу вопросов, касающихся внедрения кредитной технологии обучения в ЗКГУ им. М.Утемисова, и дал возможность выработать необходимые меры по развитию кредитной технологии обучения, стимулировать его реформирование и модернизацию, а также определить конкретные пути решения имеющихся проблем.

Участниками мероприятия стали профессорско-преподавательский состав университета, представители учреждений высшего профессионального образования города, представители общественных и профессиональных организаций, ассоциаций и объединений в сфере образования, представители средств массовой информации.

Интерактивный on-line семинар отличался от других проводимых мероприятий рядом ключевых особенностей. Во-первых, в работе семинара был задействован весь профессорско-преподавательский состав университета, во-вторых, была осуществлена многоканальная on-line связь между шестью корпусами университета.

Мероприятие имело ярко выраженную практическую направленность: участники имели возможность получить актуальную

информацию от ведущих экспертов о состоянии дел во внедрении параметров Болонского процесса в университете, задавать вопросы спикерам сразу после их выступлений, что позволило участникам своевременно получать необходимые комментарии и разъяснения.

Семинар начался с осуществления многоканальной on-line связи с шестью корпусами университета. Спикеры корпуса № 1 начали семинар с обсуждения вопроса о разработке образовательных учебных программ при КТО в ЗКГУ им.М.Утемисова в соответствии с Дублинскими дескрипторами. Для показа практически разработанных модулей по специальностям «Физика», «Математика», «Биология» была осуществлена on-line связь с корпусом № 5. Семинар продолжился в корпусе № 1 для обсуждения следующих актуальных вопросов: «Механизмы определения наполняемости кредитов по типу ECTS» и «Академическая мобильность в рамках казахстанской модели пересчета кредитов по типу ECTS: организационные вопросы и механизмы реализации». On-line связь с корпусом № 2 позволила узнать об осуществлении международного сотрудничества в рамках академической мобильности студентов и магистрантов на факультете экономики и управления. On-line связь с корпусом № 7 и корпусом № 3 показала мастер-класс «Интерактивные методы организации самостоятельной работы студентов в университете». On-line семинар закончился обсуждением вопросов обеспечения качества высшего образования в Евразийском пространстве в корпусах № 1 и № 4. Особый акцент был поставлен на критериях международной аккредитации специальностей.

Галия Жусупкалиева, проректор по учебной работе ЗКГУ им.М.Утемисова, отметила: «Спикерами on-line семинара являются люди, олицетворяющие собой инновационное развитие нашего университета. Объединение таких специалистов на одной площадке, создание условий для обмена накопленного ими опыта – залог успешного внедрения кредитной технологии обучения в нашем университете».

По мнению участников, on-line семинар был своего рода площадкой для дискуссий. Общение с коллегами дало возможность найти принципиально новые пути решения существующих вопросов.

Карлыга УТЕГЕНОВА,

декан филологического факультета, кандидат педагогических наук, доцент

Инновацияны дамытуда жас ғалымдардың рөлі

Үстіміздегі жылдың 13 желтоқсан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қорының қолдауымен «Қазақстанның инновациялық дамуындағы жастар ғылыми шығармашылығының рөлі» атты аймақтық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.

Конференцияның басты мақсаты - студенттердің ғылыми-шығармашылық мүмкіндіктерін белсендендіру, жаңа идеялар мен ұсыныстарды талқылау, елдің инновациялық дамуына қосар үлесі мен талантты жас ғалымдарды анықтау.

Конференция жұмысына филология, жаратылыстану-математикалық, тарих және құқық, экономика және басқару, мәдениет және өнер, педагогикалық факультеттерінің студенттері, «Жас экономист» жастар қоғамдық бірлестігі және «БҚО жас ғалымдар кеңесі» жастар қоғамдық бірлестігінің мүшелері қатысып, баяндамаларын оқыды.

Жиынға Орал қалалық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Р.Р.Кушигенов, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ҒЖ және ХБ жөніндегі проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қ. Мұқтар және факультет декандары мен оқытушылары қатысты.

Конференция барысында Қазақстанның

инновациялық дамуының ерекшеліктері, елдің индустриалды-инновациялық дамуы, инновацияны дамытуда жас ғалымдардың рөлі сынды мәселелер қарастырылды.

- Жас ғалымдарды еліміздің ғылыми мүмкіншіліктерін дамытуға тарту үшін қазіргі таңда мемлекетіміздің тарапынан үлкен жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, осы білім ордасында ғылыммен айналысуға қызығушылық танытқан жастар үшін «Жас экономист» жастар қоғамдық бірлестігі және «БҚО жас ғалымдар кеңесі» жастар қоғамдық бірлестігі тұрақты жұмыс жасап келеді. Жас ғалымдарға ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жұмыстану бағытында ақыл-кеңестер беріп, түрлі шараларға дайындап келеміз. Елдің инновациялық дамуына жас ғалымдардың үлесі зор. Сондықтан жастар білім мен ғылымды ғылыми және тәжірибелік тұрғысынан жетік меңгеруі қажет, - дейді тарих және құқық факультетінің деканы м.а. С.Физатов өз ойымен бөлісіп.

Әһһһ 1 01һқ

► 28 қараша мен 11 желтоқсан аралығында гуманитарлық бағытта оқитын 1 курстың 21 магистранты «Актуальные вопросы современных гуманитарных наук» атты бағдарлама аясында тағылымдамадан өтті. Бұл бағдарлама Ресей халықтар достығы университетінің базасында жоспарланды. Тағылымдаманың мақсаты қазіргі гуманитарлық ғылымның өзекті мәселелерін, мультипендік тұрғыны ұғыну болып табылады. Магистранттар Ресей ғылымдар академиясының профессорлары Е.Ф.Тарасов, Н.В.Уфимцева, профессорлар У.М.Бахтикреева, В.П.Синякин, Г.Т.Хухуни және т.б. дәріс пен шеберлік-кластарынан өтті. МАКМИЛЛАН баспаханасының ұйымдастыруымен «Speaking and writing natural English» дәріс курсынан өтіп, сертификат алды.

► М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың өр факультетінде студенттерге ЖҚТБ туралы толық мәлімет беру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру мақсатында «Біз өмірді таңдаймыз!» атты ЖҚТБ-ның қазақстандық және әлемдегі аурудың алдын алуға арналған шара өтті. Жиынға қаламыздағы СПИД орталығының мамандары эпидемиолог А.М.Аслямова, эпидемиология бөлімінің меңгерушісі Р.Н.Еламанова, дәрігер-нарколог Р.Р.Құрманғалиева қатысып, студенттерге ақыл-кеңестерін айтып, ой-пікірлерімен бөлісті. Студенттер арасында «Адам организмінде аурудың қандай белгілері бар» тақырыбында тренинг өткізілді.

► Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Жұлдызды 20 күн» аясында университеттің Ғылыми кітапханасында «БҚМУ - ғылымның шыңында» атты көрме өткізілді. Ұйымдастырылған көрме «Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың кітаптары», «БҚМУ ғалымдарының еңбектері» тақырыптарында екі бөлімнен тұрды. Тәуелсіз еліміздің 20 жыл уақыт аралығында М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессор-оқытушыларының ғылыми саласындағы табысы мен жетістіктерін көрсету мақсатында ұйымдастырылған көрмеде Елбасымыздың еңбектері, Елбасына арналған және Елбасымыздың ел басқару жолындағы дамуы туралы кітаптар мен оқу орнының профессор-оқытушыларының кітаптары, диссертациялары мен ғылыми еңбектері орын алды. Кітап көрмесіне 500-дей баспа басылымы қойылды.

► Экономика және басқару факультетінде «Алтын теңге» интеллектуалды сайысы өткізілді. Мақсаты ұлттық валютаның тарихы мен маңызын түсіндіру, жастарды үнемділікке, қанағаттылыққа тәрбиелеу болатын.

Шараға БҚО филиалының директор орынбасары Г.К. Сатыбалдина, бас маман А. Габдушев, қаржы, экономика, құқық мамандығының студенттері қатысты.

Теңгенің шығу тарихы мен бүгінгі күндегі безендірілуі туралы бейнефильм көрсетіліп, валютаның тарихы, өзгерісі, маңызы туралы мәліметтер ойын негізінде сұрақ қою арқылы жүргізілді. Сайысқа түскен топтар ішінен жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

► Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай студенттер арасында «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбындағы қабырға газеттерінің сайысы өтті. Студент жастарға эстетикалық және патриоттық тәрбие беру, еліміздің тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктерін мадақтау және насихаттау сайыс мақсаты болатын. Қабырға газеттерінің сайысы университеттің барлық оқу ғимараттарында өткізілді. Арнайы оқытушылар мен студенттер қатарынан құрылған комиссия мүшелері барлық оқу ғимараттарын аралап, студенттердің жұмысын бағалады. Қабырға газеттеріне қойылатын басты талап – Қазақстан тарихынан, оның 20 жылда жеткен жетістіктері мен айтулы күндерінің қамтылуы және әсем безендірілуі.

► Экономика және басқару факультетінде «Менеджмент және кәсіпкерлік» кафедрасының оқытушысы Егзаалиева Әсел Болатқалиқызы мен экономика, маркетинг мамандығы студенттерінің ұйымдастыруымен «Желтоқсан жаңғырығы!» атты ашық сабақ өткен болатын.

Кешке экономика және басқару факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Ю.Жұмағалиева, «менеджмент және кәсіпкерлік» кафедрасының оқытушылары мен студенттері қатысты. 1 курстың бір топ студенттері Желтоқсан оқиғасы жайындағы баяндамаларын оқып, слайд, фильмдер арқылы өз ойларымен бөлісті.

► Мәдениет және өнер факультетінде «Теңге тарихы» нумизматика ғылымы туралы студенттерге арналған ақпараттық кеш ұйымдастырылды. Кеш мақсаты - студенттерді Ұлттық валютамыздың тарихымен таныстырып, нумизматика ғылымы туралы түсінік беру. Студенттік деканат, топ старосталарының ұйымдастыруымен болған кездесуде төл теңгеміздің жарық көріп, айналымға түсу тарихы айтылып, мерекелік банкноталар туралы сөз қозғалды.

► Желтоқсанның 8 күні Орталық Азия орталығының халықаралық бағдарламалар жөніндегі координаторы Айгүл Нұрпейсованың (Алматы) біздің университет студенттерімен кездесуі болып өтті. Тұсаукесер барысында студенттер магистратура мен докторантураның стипендиялық бағдарламалары туралы толық ақпарат алды. Осы бағдарлама аясында әрбір қазақстандық жастар Европа мен Американың алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндіктері туралы айтылды. Бұл жайында <http://www.bilim.kz> сайтынан толық мәлімет алуға болады.

► Мәдениет және өнер факультетінде ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған тәуелсіздігіміздің тарихын көңінен насихаттап, студенттерді ұлттық құндылықтарымызды сақтауға шақыру мақсатында оқытушылар, кураторлар мен топтардың арасында «Тәуелсіздігім - төңірден келген ұлы сый!» атты кураторлық сағаттар ұйымдастырылды.

Студенттер Тәуелсіз Қазақстанның бүгін мен болашағы туралы ойларын айтып, кекейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алып, өзара пікір алмасты. Мұндай тәрбиелік шаралардың жастарға үйретері мол.

Ұвағаемые Западноказахстанцы!

Профессорско-преподавательский состав и студенчество ЗКГУ им.М.Утемисова от имени высших учебных заведений Западно-Казахстанской области выражает свою гражданскую позицию и глубокую обеспокоенность в связи с событиями в Жанаозене.

Считаем, что данный инцидент спровоцирован хулиганствующими группами. Мы осуждаем тех, кто совершил эти преступления, прервав спокойную и созидательную жизнь, ибо нападение на мирных жителей - не метод разрешения социальных конфликтов.

Безусловно, подобные противоправные действия должны сегодня сплотить всех здравомыслящих людей. В нашем обществе должен оставаться приоритет цивилизованности и современной демократии, отвечающей национальным традициям и общемировым ценностям.

Судьба государства и благополучие каждого - в руках самих граждан: не надо поддаваться на призывы и происки провокаторов. Такие призывы ведут к тупику,

к угрозе потери независимости страны, к вырождению нации и нищете.

Мы, представители интеллигенции и студенчество, призываем всех к благоразумию и сдержанности. Казахстан был, есть и остается демократическим государством, а наш народ должен быть более проницательным, мудрым и быть достойным исторической памяти.

Мы уверены, Главой государства и Правительством Казахстана предприняты сегодня правильные решения для сохранения мира как в регионе, так и в стране. Никто не сможет остановить наше поступательное движение к лучшей жизни.

Наш народ тысячелетиями стремился к своей независимости, и этот завоеванный мир мы обязаны сохранить во имя Будущего.

С уважением, коллектив Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да ағымдағы жылдың 5 желтоқсанында Ғылым күніне арналған «XXI ғасыр – білім және ғылым ғасыры» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Ғалымдар қазіргі білім мен ғылым жайында басқосты

Дөңгелек үстелдің мақсаты Қазақстан Республикасында білім және ғылым салаларында жас ғалымдарға көрсетілетін қолдауды және университетіміздегі жастар ғылымын насихаттау болды. ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор, т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтардың жетекшілігімен өткен бұл кездесуге университеттің белгілі ғалымдары, магистрлар, жас ғалымдар және магистранттар қатысты. Педагогика факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаев, экономикалық теория кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.д., профессор Л.И.Мерғалиева университеттің жас ғалымдарымен өз тәжірибелерімен бөлісті. Жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі, п.ғ.к. Ш.Т.Мұқанбетова «Университетте жас ғалымдарға қолдау көрсету», Ғылыми жұмыстар бөлімінің жетекшісі Э.Ж.Имашев «Правила и условия приема граждан Казахстана в аспирантуру Российской Федерации», Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру бөлімінің кеңесшісі С.С.Дрозд «Информация и презентация программы «Темпус» в Европейском союзе и Казахстане»



атты баяндамаларын ұсынды. Университет жолдамасымен Стамбул университеті (Түркия) түрік тілі мен әдебиеті факультеті, түрік халық ауыз әдебиеті бөлімінде оқып жатқан докторант Н.К.Ахатова шетелдік докторантураның ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Кездесу соңында 1 курс магистранты Г.Г.Қапанованың Ресей халықтар достығы университетіндегі тағылымдама туралы есебі тыңдалды. Дөңгелек үстел аясында университет ғалымдары, магистранттардың ғылыми еңбектерінің көрмесі өтті.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында 6 желтоқсан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің басшылығы және кәсіподақ ұйымы соғыс және тылда еңбек еткен ардагер-ұстаздармен кездесу өткізіп, оларға құрмет көрсетті.

Ректор ардагерлермен кездесті



Кездесуде университет ректоры Асхат Иманғалиев сөз сөйлеп, жеңіс туын желбіреткен барлық соғыс ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады.

Желтоқсанның он үші күні жаратылыстану-математикалық факультетінде ф.-м.ғ., докторы, профессор Н.Т. Темірғалиев студенттер мен магистранттар қауымына, физика және математика кафедрасының оқытушыларына математика курсын мектепте оқытудың проблемалары жөнінде дәріс оқыды.


Ғалыммен кездесу

Н. Темірғалиев мектеп курсына арналған оқулық материалдарына талдау жасай отырып, оқу материалдарының мазмұнын қабылдау және оны оқытуда пайдаланудың әдістемелік тәсілдерін айқын көрсетті.

Математиканы оқытудағы теориялық ғылыми зерттеулердің мәніне аса назар аударып, нақты деректерге тоқталды. Мәселен, логарифм, тендеу ұғымдарын түсіндіру негіздерін қарастырды.

Дәріс барысында аудиторияға жиналған тыңдаушылармен интерактивті байланыс орнады, өйткені әрбір ұғым, түсініктерді баяндағанда оның оқытудағы қажеттілігіне көңіл бөліп отырды. Бұл студенттер үшін әр сабақтың мақсатына сәйкес атқарылатын жұмыстың көзделетін нәтижесін анықтауға және оған жету жолдарын дәл көрсетуге үйретті. Сонымен қатар, ғалым дәрісімен әрбір есепті шығарудың қажеттілігін білу балаларға белгілі бір бағдар беретінін, нәтижелі жұмыс жасауға баулитынын көрсетті.

Қазіргі кезде математиканы мектепте оқытудың проблемалары аз көтеріліп жүрген жоқ. Биылғы жылы өткен математиктердің I құрылтайы да сөзіміздің айғағы бола алады.



Математиканың мектептерде дұрыс оқытылуы мұғалімдердің ғылыми тұрғыдан математиканы түсінуінен және оны оқытушыларға жеткізе білуінен ғана емес, оның математикалық сауаттылығы мен мәдениеттілігінен, қазіргі ақпараттық технологияның жетістіктерін тиімді қолдана білуінен байланысты. Сол себепті Н.Т.Темірғалиевтің ғылыми-әдістемелік дәрісі тыңдаушылар үшін әсерлі өтті.

Айгүл МЕДЕШОВА,
жаратылыстану-математикалық факультеті деканы



Р
К
Е
Н

№ 15 (872) желтоқсан 2011 жыл

3



Әңгімелер

► М.Өтемісов атындағы БҚМУ Қауіпсіздік және шаруашылық бөлімінің қызметкерлі қаладағы №2 Өртке қарсы қызмет бөлімінде қауіпсіздік шаралары жайында дәріс алды.

Қалалық №2 Өртке қарсы қызмет бөлімінің қызметкері Г.Н.Барматова төтенше жағдайлар, өрт қауіпсіздігі ережелері туралы, төтенше жағдайлар туындағанда әрекет ету, алғашқы медициналық көмек көрсету жөнінде мол мәлімет берді. Сонымен бірге жұмыс орнында қауіпсіздік ережесін сақтап, егер төтенше жағдай бола қалған жағдайда тиісті орынға дер кезінде хабарласу керектігі ескертілді. Университет қызметкерлері дәріс соңында сұрақ қойып, төтенше жағдай, зілзала, дауыл болған жағдайда, мұзға түсіп қалған жағдайда не істеу керектігі жайында нақты жауап алды.

► 6 желтоқсан күні университетте мәжіліс залында теңізде атқарылатын жұмыстар үшін мамандар дайындау бойынша SAIPEM компаниясының тұсаукесері өткізілді.

Тұсаукесерді қызметшілерді үйрету мен дамыту бойынша маман – Ерғалиева Әсел, оқыту бойынша координатор – Мұрадова Мәдина өткізді.

Кездесуге соңғы курс студенттері шақырылды. Тұсаукесерден соң теңіз мамандығын меңгергісі келетін студенттер үшін математика мен ағылшын тілі бойынша тестілеу өткізілді.

► Жалпы тіл білімі және аударма кафедрасының оқытушысы С.Б.Бехмұхамбетованың ұйымдастыруымен «Франциядағы мерекелер» атты француз тілі үйірмесінің отырысы өтті. Шараға оқытушылар мен студенттер қатынасты.

Аударма ісі мамандығының 3 курс студенттері С.Показеева, А.Утебаева, М.Медеуовалар кешті жүргізді. Олар Франциядағы Рождество, Масленица, День взятия Бастилии, ландыш күні, ата-аналар күні секілді мерекелердің тарихы туралы әңгімеледі. Шет тілі: екі шет тілі мамандығының студенттері француз тілінде өлеңдер оқып, ән шырқады және мерекелер үшін гүлшоқтарын безендіру ерекшеліктерін көрсетті.

► Университет студенттері арасында «Тәуелсіздік шежіресі» шығармалар сайысы ұйымдастырылып, 8 желтоқсан күні арнайы құрылған алқа шешімімен шығармалар іріктелініп алынды.

Нәтижесінде қазақ тіліндегі Ш. Орынбаеваның, орыс тіліндегі О. Беркаированың, ағылшын тіліндегі А. Семенованың еңбектері үздік деп танылып, облыстық шығармалар сайысына жолдама алды.

► М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжінде «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұғым!» бейнебаян сайысы оздырылды. М-101 және Аж-303 топтары дайындаған бейнебаяндар көрермендер тарапынан қолдауға ие болды. Тақырып мағынасы кең ашылған еңбектер топ кураторларына таратылды.

«Атамекен айшықтары» және еркін тақырыпта берілген тапсырма бойынша «Бейнелеу өнері және сыз» мамандығында білім алып жатқан оқушылардың сурет көрмесі ұйымдастырылып, колледж ғимаратында орын алған көркем туындылар көпшіліктің ықыласына бөленді.

► Ұлттың тәрбие құралына айналған «Қара жорға» биін кеңінен насихаттап, ұлттық өнерімізді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мақсатында университетішілік «Қара жорға» ұлттық би байқауы оздырылды. Байқауға «Инабат» би ансамбілінің жетекшісі Б.Ғ.Сапарғалиева, «Step up» би клубының жетекшісі С. Даутов және университеттің оқытушылары мен студенттері қатысты. Бидің үздік қимылдарына төңті еткен жеңімпаздар анықталып, әр факультет студенттерінің қатысуымен «Қара жорға» биі биленді.

► М.Өтемісов атындағы БҚМУ дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы мен «Консенсус» саяси клубының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік – қазақ рухының қайнар көзі!» атты дөңгелек үстел өтті. Жиынға саяси клуб мүшелері, ресми тіркелген саяси партиялар облыстық бөлімдерінің жетекшілері, БҚО ішкі саясат басқармасы мамандары, БАҚ өкілдері қатысты. Бұл шарада ел тәуелсіздігінің тарихи түп-тамыры, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің тәуелсіздік үшін маңызы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың қазақ елінің тәуелсіздігі дамуындағы рөлі, тәуелсіздік жылдары қол жеткен саяси, әлеуметтік-экономикалық жетістіктер, тәуелсіздік жылдарындағы жоғары білім беру жүйесіндегі реформалар секілді мәселелер қарастырылды.

► Осы оқу жылында БҚМУ-дың 2 студенті КПО б.в. компаниясының қаржылай қолдауы нәтижесінде стипендияның иегерлері атанды. Жыл сайын біздің студенттер Қарашығанақ компаниясының бағдарламасына қатысып отырады.

Сондай-ақ биыл Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг б.в. компаниясы біздің университеттің сұранысына байланысты ең жақсы студенттер мен оқытушылардың академиялық оралымдылығын жүзеге асыруға қаржылай қолдау көрсетуге шешім қабылдады. Аталмыш компания университетіміздің оқытушылары мен студенттерінің шетелде оқуларына көмек ретінде 22 000 АҚШ доллары көлемінде қаражат бөліп отыр. Осы қаржылай қолдаудың арқасында университетіміздің шетелде оқитын студенттер мен оқытушылар қатары алдағы жылда көбейетіндігіне сенім мол.

Аяғыс хат

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту орталығының директоры Ә.Сәтбаев М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры А.С.Иманғалиевті және ұжымды ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойымен құттықтап, әріптестігі үшін алғысын білдіре отыра, университеттің оқытушылары И.М.Ломоносов, Г.И.Нестеренко, В.А.Мельников, М.Б.Мансуроваларға көрсеткен ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік көмектері үшін алғыс білдірген хат жолдады. Ел тәуелсіздігінің мерейтойы қарсаңында жоғары білікті мамандар дайындауда шығармашылық табыс пен үлкен жетістіктер тіледі.

День индустриализации в Астане

Девятого декабря в республиканском спорткомплексе «Сары-Арка» в Астане проводился День индустриализации.

На День индустриализации были приглашены представители предприятий и организаций, чья деятельность в области качества была отмечена на уровне города, области или республики. От Западно-Казахстанского государственного университета им. М. Утемисова в торжественном мероприятии приняли участие директор ЦСРА Юров О.В. и руководитель отдела ППСУО Аманбаев А.С.

Официальная церемония началась с награждения серебряных и бронзовых победителей конкурса по социальной ответственности бизнеса «Парыз», а также победителей конкурса-выставки «Лучший товар Казахстана» и премии Президента в области качества «Алтын Сапа».

Участие в награждении приняли Премьер-министр РК Карим Масимов, а также члены Правительства. Всего было вручено 32 премии.

Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев в ходе общенационального телемоста дал старт прорывным проектам Карты индустриализации.

На связь с Президентом вышли акимы областей, которые доложили о запуске проектов, а также рассказали об их значимости в развитии регионов.

В этот день заработала новая технологическая секция Соколовско-Сарбайского горно-производственного объединения. Реализация данного проекта увеличивает выпуск железорудного концентрата с содержанием железа 66% на 1,2 млн. тонн. Это даст возможность производить первичный

Ғалымдардың ғылыми еңбегі бағаланды

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті жариялаған 2011 жылы ғылым саласындағы атаулы сыйлықтар конкурсында М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғалымдарының еңбектері конкурстың келесі кезеңіне сәтті өтті.

Гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықты алу конкурсына М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен тарих ғылымдарының докторы Әсет Сембайұлы Тасмағамбетовтің «История конфессии Казахстана в конце XVIII – начала XX вв. (по материалам ислама и православия)» атты монографиясы өтті. Сонымен бірге гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға арналған М.Әуезов атындағы сыйлықты алу конкурсына М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен экономика ғылымдарының докторы Лилия Игоревна Мерғалиеваның «Государственная собственность в условиях глобализации экономики на материалах Республики Казахстан» атты монографиялар сериясы мен оқу құралдары өтті (Казахстанская правда, 14 декабря 2011 года).

Аталған ғылыми еңбектер күн талабына сәйкестігі және жаңалығымен, құрылған өзгешелігімен және ғылыми міндеттерді шешумен ерекшеленетін теориялық және практикалық маңызы бар гуманитарлық ғылымдар саласындағы жарияланған жұмыстар болып табылады.

Университет ғалымдары Әсет Сембайұлы мен Лилия Игоревнаға конкурста жеңіске жетуді тілейміз!

■ Фотосәнгер БҚМУ - 2011

АЙЗАДА - университеттің фотосәнгері

(Жалғасы. Басы 1 бетте)

Сұлулық тек тәннің ғана емес жанның айнасы, сұлулық тек жүзде ғана емес жүректе болуы тиіс. Апта сайын түрлі шеберлер класынан дәріс алған сайысқа қатысушылар бишілер мен әртістерден, вокалистер мен әншілерден, білікті сәнгерлер мен психолог мамандардың түрлі тренингтер мен арнайы сабақтарына қатынасты. Сахна мәдениеті мен сөйлеу мәдениетінен шеберлік-кластарынан өтті. Қоғамның өзекті проблемаларын суретпен жеткізе білуге үйренді. Алғашқы айналымда әділқазылар сайысқа қатысушылардың қазақ ұлттық киім үлгісіндегі фотосуреттерін, сонымен қатар, «Body art» стиліндегі суреттерін, спорттық суреттерін бағалады. Дауыс беру жасырын түрде өткізілді. Өкінішке орай, Гүлназ Атаева екінші айналымға жіберілмеді. Екінші айналымда қазылар алқасы тарапынан Айзада Қасиетова мен Ару Байғалиевалардың ер бала бейнесіндегі, экологиялық тақырыбындағы, ретро стиліндегі, ертегі әлеміндегі суреттері ерекше бағаға ие болды. Үздік үштіктен көріне білудің өзі - үлкен жеңіс. Осынау сында үздік үштіктің қатарында болған Эльмира Қазиева үшінші орынға ие болып, дипломант атанды.

Әділқазылар алқасы жүзден жүйрік болып, талай қиындыққа қарамай соңғы мәреге жеткен финалистер Айзада Қасиетова мен Ару Байғалиевалардың «Жұлдыздар әлемінде» атты фотосуреттері, портреттік фотосуреттері және де жалпылай конкурс барысындағы фотосуретке түсу қабілеттерін бағалады. Сайыс қорытындысында «халықаралық қатынастар» мамандығының 1 курс студенті Айзада Қасиетова жеңіске жетіп, «Фотосәнгер БҚМУ – 2011» атағы мен тәжін иемденіп, лауреат атанды. Сонымен қатар, «ДаоСпорт» фитнес клубына екі айлық тегін



абонемент, «ЕхФото» фото студиясында тегін фотосессия, «Эля» сән үйінен кешкі шаш қойылымына бір жылдық тегін абонемент, «АсНұр» студиясының демалушылығымен бағалы сувенирді иеленді. Қорытынды кеш барысында «Фотосәнгер БҚМУ – 2011» байқауының өтуіне жан-жақты атсалысқан қолдаушылар мен демалушыларға арнайы алғыс хаттар табысталды. Солардың арасында «режиссура» мамандығының 4 курс студенті Айдана Жантақбаева, «сәндік өнері» мамандығының 4 курс студенті Нұрлан Ақжігітовтің еңбегі орасан зор. Осынау байқауды өткізуде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген би және саз бөлімінің студенттік деканы Алпамыс Өскенбайұлы Шаримовтың жаса болса, бас боларлықтай ерлігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне сайысқа қатысушылар да, көрермендер де, әділқазылар алқасы да риза болысты.

Елдана АСЫЛХАНОВА

Әһһһ 1 01һқ

► 9 желтоқсан күні жаратылыстану және математикалық факультетінде А.С. Бисенғазиеваның ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік - тірегім, мақтанышым жүрегім!» тәрбие сағаты өткізілді. Студенттердің қазақ еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, туған жерін сүйе шақыру мақсатында ұйымдастырылған сабақ барысында еліміздің тәуелсіздікке қалай қол жеткізгені туралы айтылды. Қазақ елі үшін, жері үшін күрескен қазақтың ұл-қыздары туралы Желтоқсан оқиғасынан қойылым көрсетіліп, «Туған елім», «Қазақ жігіттері», т.б. патриоттық әндер шырқалды.

► «Жалпы тілі білімі және аударма» кафедрасында орыс тілі мен әдебиеті және аударма ісі мамандығы студенттерінің арасында шығармашылық көш ұйымдастырылды. Студенттер Ж.Құсайынов, Б.Қамашев, А.Егоров, Д.Карнаух, К.Новиков өз шығармаларынан жеке туындыларын - өлеңдерін, әндерін, әңгімелерін ұсынды. Студенттер шығармашылығын шыңдауда осындай кештердің маңызы өте зор.

► Университетімізде «Қазақстанның жоғары оқу орнында кредиттік оқыту жүйесі ақталады» атты пікір-сайыс ойыны өткізілді. Шара мақсаты студенттер мен оқытушылар арасында кредиттік оқыту жүйесінің мәнін терең насихаттау, студенттердің білім кеңістігін қалыптастыру болатын.

Білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен кіріктіру мақсатын көздеген кредиттік оқыту технологиясының ережелері төңірегінде ой-пікірлер айтылды.

► 12 желтоқсан күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың мәдениет және өнер факультетінде «Бүгінгі жастар білімге құштар ма?» атты дөңгелек үстел өткізілді. Студенттерді білімпаздыққа үйрету және тарту шара мақсаты болатын. Мәдениет және өнер факультетінің деканы, п.ғ.к., доцент М.М.Нағымова Білім және ғылым министрлігінің білім саласындағы өзгерістері туралы, жаңа қоғам мұғалімі – жаңа талаптарды бойына сіңірген жан-жақты жетілген маман болу керектігі туралы сөз қозғады.

► Университетімізде студенттердің жат діни ағымдардан бойын аулақ ұстауға тәрбиелеу мақсатында «Жастар, жат ағымдардан сақтанайық!» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру кездесуі 12 желтоқсан күні болып өтті.

БҚО Ішкі саясат басқармасының жетекші маманы Г.М.Аргенова, БҚО Дін істер департаментінің бас маманы Ғ.Ж.Мажитов қатысты.

Батыс Қазақстан облысындағы діни жағдай бойынша түсірген бейнебаян көрсетіліп, студенттерге облысымызда, елімізде орын алып жатқан түрлі діни ағымдар туралы ақпарат берілді.

► Ағымдағы жылдың 12 желтоқсан күні университеттің ғылыми кітапханасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерей-тойына орай «Казахстан. Путь к вершине» атты бейне сабақ өтті.

Сабақта инновациялық технологияларды қолдану арқылы тәуелсіз еліміздің жүріп өткен жолдары, қол жеткізген жетістіктері туралы бейнебаян көрсетілді.

Бейне сабақты биология мамандығы студенттерінің қатысуымен практикалық орыс тілі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. О.В.Опря өткізді. Бейнефильм көрсетіліп, Қазақстан туралы викториналық жарыстар ұйымдастырылып, студенттер Отан туралы өлеңдер оқыды.

Тәуелсіз Қазақстан, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, Н.Ә.Назарбаев - тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы, қазіргі Қазақстан деген тақырыптарда виртуальды көрме ұйымдастырылды.

► Университет студенттерінің пікір-сайыс ойындарына деген қызығушылықтарын арттыру, 20 жылдағы тәуелсіздіктің жетістіктерін насихаттау мақсатында «Жасампаздықтың 20 жылдығы!» тақырыбында 13 желтоқсан күні университетішілік көрсетілім пікір-талас турнирі өтті. Турнирде Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа арнаған Жолдауы, Қазақстан тарихы мен әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайы туралы мәселелер талқыланды.

► 13 желтоқсан күні облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен «Тәуелсіз Қазақстанның 20 жыл ішіндегі жетістіктері» облыстық ғылыми-танымдық конференциясы ұйымдастырылған болатын. Осы ғылыми конференцияда БҚМУ колледжінің 3 курс оқушысы Перизат Балмұқанованың ғылыми еңбегі жоғары бағаланып, «Экономика жұлдызы» номинациясына лайық деп танылды.

► М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжінде 13 желтоқсан күні «Рушылдық - ұлттық қасиетіміз бе, әлде дерт пе?!» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Рулық жүйе туралы пікірді ұстанған жастар нақты дәлелдерге сүйене отырып, зор мәліметтер қорын ұсынды. Сондай-ақ ұлттық қасиетке тән рудың мән-маңызын атап өтіп, өзара ой бөлісті.

► 27 желтоқсан күні балғын балапандар жасыл шырша жанына жиналды. Университет басқармасы мен оқытушыларының, әкімшілік, шаруашылық қызметкерлерінің, университет колледжі оқытушыларының 1-5 және 5-10 жас аралығындағы балаларына арналған жаңа жыл мерекелік шыршасы №1 оқу ғимаратының акт залында өтті. Кеште орындалған әндер мен көңілді қойылымдар балаларға шат-шадыман күй сыйлады. Кішкентай бүлдіршіндер де өз өнерлерін ортаға салды.

► 20-28 желтоқсан аралығында Жаңа жылдық көш бағдарламасы аясында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің филология, педагогика, жаратылыстану-математикалық, тарих және құқық, мәдениет және өнер, экономика және басқару факультеттері және БҚМУ колледжі студенттері арасында мерекені тойлау кештері болып өтті. Мерекелік кештерде әр факультет бағдарламалары бойынша карнавалдық костюмдерін киіп, көңілді қойылымдарын тарту етті.

Жасампаздықтың жиырма жылдығы

Тәуелсіздік тарихы – жасампаздық бастауы

Тарих және құқық факультетінің ұйымдастыруымен №3 оқу ғимаратында «Тәуелсіздік және ұлттық тарих: жасампаздық бастауы» атты дөңгелек үстел өтті.

Ел тарихындағы «Тәуелсіздік және ұлттық тарих» мәселесі бағытында өзара пікір алмасып, студенттердің отансүйгіштік сезімін ояту мақсатында болып өткен дөңгелек үстелге университет оқытушыларымен қатар ардагер-ұстаз Х.Ж. Сүйіншәлиев, өлкетанушы Жайсаң Ақбай, «Жайық-Пресс» ЖШС бас директоры Ж.Н.Сафуллин, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Ө.Т. Жоламанов, Батыс Қазақстан облыстық сотының баспасөз қызметінің бас маманы А.Шахин, Батыс Қазақстан облыстық педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының әдіскері М.М. Исмағұлов, т.ғ.к., БҚГА доценті Д.Д. Сүлейменова, т.ғ.к., БҚГА доценті Ж.Т. Ерназаров, т.ғ.к., Жәңгір хан атындағы БҚАТУ доценті Е.Е. Хайдаров, журналист қауым өкілдері қатысты.

10. Алдыңызға мақсат қойып үйреніңіз. Өзінің дене пішімін бақылау жасап, салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар алдына қойған мақсатқа қалай да қол жеткізетініне сеніміміз мол.

Ибраим АБДРАХМАНОВ,
магистр-оқытушы

Мой выбор – моё будущее!



«Каждый казахстанец независимо от его национальной принадлежности, должен осознавать, что Казахстан – это плоть от плоти его родное государство, всегда готовое защитить его права и свободы. Только в этом случае сограждане испытывают чувство гордости за принадлежность государству, которое весь мир знает теперь как Казахстан»

Н.А. Назарбаев

Выбор профессии – это одно из самых важных решений в нашей жизни. Этот выбор встает перед каждым человеком, вступающим во взрослую жизнь. Важно средне тысячи профессий правильно выбрать именно ту, с которой начнется твой жизненный путь. Родители предоставили мне самостоятельный выбор, не заставляли идти по чьим-то стопам или опираться на другие критерии. Я

выбрала профессию преподавателя начальной военной подготовки. Для преподавателя важны такие качества, как умение преподавать, любовь к предмету, взаимопонимание, все они в большей или меньшей мере развиты во мне, а чего не хватает, я надеюсь приобрести в стенах нашего университета.

Особое место в системе работы учебных заведений занимает начальная военная подготовка (НВП). Именно от преподавателя НВП, его умения увлечь учащихся своим предметом, зависит уровень и эффективность начального военного обучения и военно-патриотического воспитания. Патриотизм – это любовь к Родине, чувство

гордости и преданности ей. Оно не является врожденным чувством, оно воспитывается в человеке, а воспитателями этого чувства являемся мы, преподаватели НВП.

Многие считают, что такой предмет, как НВП, вообще не нужен, напротив, такой предмет обязателен. Каждый должен знать правила обращения с оружием, ориентирование на местности, он должен уметь оказывать первую медицинскую помощь, все эти навыки необходимы в жизненной действительности. Я считаю, что начальную военную подготовку мало пропагандируют, а ведь, прежде всего, человека мы должны воспитать патриотом! Как говорится, учитель может научить лишь тому, что знает сам. Здесь, в ЗКГУ, большие возможности научиться многому и получить знания в различных сферах. Уровень преподавания высокий и мы, закончив этот университет, будем востребованными специалистами своего дела!

Я хочу пожелать всем успехов и терпения на трудном пути достижения желаемого, и посоветовать тем, кто еще не определился в выборе, не отходить от поставленной цели и лучше всего, быть на своем месте – работать на любимой ими работе, а не на той, к которой вынудили обстоятельства.

Марина СУББОТИНА,
05101-гр.



Адам баласын ұшар биікке шығарар, атақ-даңққа кенелтер екі-ақ өнер саласы бар: бірі – қолбасшылық өнері де, екіншісі – үздік шешендік өнері.

М.Т.Цицерон

Шешендік өнер – қай заманда, қандай қоғамда болса да қауымға, көпшілікке үлкен әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын қуатты құрал, күні бүгінге дейін құдіретін, қасиетін жоймаған өнер. Қазіргі таңда халықтың рухани-мәдени өміріндегі ең бір аяулы, ең бір ардақты өнердің бірі шешендік өнерге деген көзқарас тіптен ерекше. Оған дәлел ретінде Батыс Қазақстан облыстық ішкі саясат басқармасы, «БҚМУ «Ақиқат» пікір-талас орталығы», «Жас қанат» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Бірлігіміз жарасқан!» атты шешендік өнерді сүйетін жастарға арналған облыстық пікір-сайыс турнирі өткізілді.

Шешендік - ақылмен билеу өнері

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығын кеңінен атап өтуге атсалысу, шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты студент жастарды анықтау, облысымыздың студент жастары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру, облыс жастарының сын тұрғысынан ойлауын дамытуды мақсат еткен бұл пікір-сайыс тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысын көрсетті.

1 желтоқсан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің акт залында «Бірлігіміз жарасқан!» атты облыстық пікір-сайыс турнирінің салтанатты ашылу рәсімі өткізіліп, жүргізушілер тарапынан еліміздің 20 жыл ішінде жеткен жетістіктері жөнінде ақпарат берілді. Турнирдің салтанатты ашылуында облыстық жастар мәслихатының хатшысы Р.Р.Ашенова құттықтау сөз сөйлеп, ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай облысымызда өткізіліп жатқан іс-шаралар жөнінде ақпарат беріп, аталмыш шараның маңыздылығын атап өтсе, «БҚМУ «Ақиқат» пікір-талас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы М.Қ.Сүлейменов аталмыш турнир қатысушыларын өткен жылдармен салыстырғанда екі есеге көбейіп отырғаны облыс жастары арасында пікір-сайыстың дамып жатқандығының айғағы екендігін атап, турнирдің өткізілу барысымен таныстырып өтті. Салтанатты ашылу рәсімі раундтық ойындармен жалғасын тапты.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған турнирге Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінен «Догма», «Кәусар», «Легион», «Барыс», «Парасат», «Грация», «ORRO», «One love», Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінен «Алау», «No

comments», Евразия академиясының «Energy», «Евразия», «Переводчики», М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен «Аманат», «Шырақ», «Болашақ», «Жаснұр», «Заңғар», «Жалын.kz», «Ұлағат», «Жас қыран», «Жан алауы», «Фемида», «Козерог», «VIVA», «Scorpions», Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжінен «Болашақ», Орал гуманитарлық колледжінен «Олимп», Орал мұнай-газ және салалық технологиялар колледжінен «Парасат», «Жаңа жұлдыз», Евразия гуманитарлық колледжінен «Евразия серілері», «Еврозейцы», «Прямой эфир» командалары қатысты. Жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері арасында өткізілген турнирге қазақ лигасы бойынша 22, орыс лигасы бойынша 11 команда қатысып, турнирдің тартысты өтуіне ықпал етті. Пікір-сайыс турнирінде қалалық, облыстық, республикалық пікір-сайыс турнирлерінің жеңімпаздары, жүлдегерлері А.Жақығалиева, М.Абдулов, А.Молдағалиев, А.Сабырғалиева, М.Шынғалиева, О.Қуанғалиев, Н.Жұмағазиев, М.Бижанов, Ж.Науатова, Ә.Шукиева, А.Кушманова, Р.Төлеген, А.Джумағазиева, А.Амруллина, А.Граджина, А.Жасымов, А.Графкина төрағалық етті.

Бір шешен топты жойқын, буырқанған шабытымен билеп-төстейді, екіншісі – жатық, әсем жеткізе білу шеберлігімен, үшіншісі – өзіл-оспақ, құлдіргі, айтқыштық талантымен, төртіншісі – жүйелі, сабақтас, анық баяндауымен баурайтыны секілді сайысқа қатысушы әр команда «Қазақстанның Тәуелсіздік алған 20 жыл ішіндегі ең жоғарғы жетістігі», «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді жолдары», «ҚР жоғарғы оқу

М. Өтемісов атындағы БҚМУ-да Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының тапсырысы бойынша жүзеге асырылған «Балалар үйінің, балабақша және мектеп бүлдіршіндерінің арасында мемлекеттік тілді, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге бағытталған іс шаралар өткізу» атты жоба жұмысының орындалуын қорытындылау мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

ҰЛТТЫҚ ТІЛ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН ЖОБА

Дөңгелек үстелге университет ректоры Асхат Сәлімұлы Иманғалиев бастаған ғылыми кеңес мүшелері, Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Махамбет Мөтенқожаұлы мен Жомарт Тілекқабұлұлы және осы жоба жұмысын бірлесе атқарған қала мектептерінің басшылары мен мұғалімдері қатысты.

Жобаның басты мақсаты – Қазақстан жастарын ұлттық дәстүрді сақтауға, өз елінің тарихын білуге, мемлекеттік тілді

бірнеше тақырыпта тәрбие сағаттары дайындалып, олардың электронды нұсқалары шығарылды. 700 сағат көлемінде жүргізілген ұлттық тәрбие, мемлекеттік тілді дәріптеу бағытындағы тәрбие сағаттары қалалық мектептермен қатар, Батыс Қазақстан облыстық отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және аудандық қазақ және орыс мектептерінде жүргізілді. Осы жұмыстар аясында әдістемелік құралдар дайындалды. Дөңгелек үстелде жоба негізінде жүзеге асқан «Қыздар әлемі» порталының жұмысы толықтай таныстырылды. Осы жобаға басшылық жасаған БҚМУ доценті Айгүл Медешова мен пед.ғ.к. Асылбек Ерғалиев, ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы Дәурен Габдуллаев жоба барысынан толықтай мағлұмат берді. Кешті қорытындылаған университет ректоры Асхат Иманғалиев бұл жобаның БҚМУ база-сында жүргізіліп отырғандығы үлкен мәртебе, өйткені облыстың педагогикалық тәжірибесі мол ғалымдары басшылық етіп отырған шаралар инновациялық тұрғыдан оздырылуы тиіс екенін, жаңашылдыққа бет бұрған, ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды сақтауға, мемлекеттік тілді құрметтеуге болашақ педагогтарды тәрбиелеп отырған ұжым болғандықтан, облыста мемлекеттік тілге құрметпен қарайтын, Отанын сүйетін, халықтық тәлім-тәрбиені бойына сіңірген жас ұрпақтың бүгінгі ахуалын зерттей отырып, өзекті мәселелерді айқындап, сол қоғамда орын алып отырған келеңсіз жайлардан



игеруге, мәдениетті, ұлттық дәстүрді қалыптастыруға, халық батырларының тарихи ерекшеліктерін түсінуге тәрбиелеу, жас ұрпақтың ұлттық тәлім-тәрбиенің ықпалымен рухани жетілуіне әсер ету. Аталған жоба өзінің мақсатына жетудің негізгі шарттары ретінде ұлттық білім беру бастамалары мен мектептерді өркендету, қалыптастыру; мемлекеттік тілді, мәдениетті жеке тұлғаның бойына сіңіру; қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрін насихаттауға, қоғам мен жеке тұлғаның этномәдени сұраныстарын жүзеге асыруға бағытталған білім беру қызметтерін үздіксіз жүргізу; этномәдени қажеттіліктерді анықтау және оларды қанағаттандыру бойынша білім беру жүйесінің жұмысын мақсатты бағдарлау секілді міндеттерді қойды. Жоба аясында жүзеге асқан іс-шаралардың жүйелі түрде және тәжірибе жүзінде жүргізілуі, атап айтқанда,

арылуға тәрбиелейтін шаралар өткізуге басшылық жасап ұйымдастырудың біздің ұжым үшін маңыздылығын анықтай түседі, - деп өз ойын білдірді.

Егемен ел болып, еңсемізді көтерген тұста, ұлттық тілімізді дәріптеп, ұлттық тәрбие мәселесін көтерген шақта ұлтын сүйетін, отансүйгіш болашақ жас ұрпақ тәрбиені тірек етуге міндетті. Сондықтан осы жоба аясында атқарылған тәрбиелік шаралар қазақ елінің жас өрендерін ұлықты ұл, қылықты қыз болып өсуіне бір септігін тигізсе деген жарқын ойдың жемісі боларына сенімдіміз.

Рүмә СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың
баспасөз хатшысы

орындарына жаңа оқу жүйесі), «Қазақстан экономикасы дамуының жаңа бағыттары», «телефон терроризмімен күрестің тиімді жолдары» тақырыптарындағы қарарларды талқылап, ұтымды механизмдер ұсынды.

Тұтқиылдан тапқырлық таныту, өрнегі әсем өнегелі-ғибратты сөз айту, оқыс айтылған ойларға қисынды әрі жедел жауап қайтару пікірсайысшыларымыздың ең озық қасиеттерінің бірі де бірегейі. Тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздерінің ұшқырлығымен баурап алған командалар өз тыңдаушыларының бойында шалқыған шабыт, дария сезім, атқарылар іске сәйкесті құштарлық сезімдерін оята білді.

«Бірлігіміз жарасқан!» атты облыстық пікір-сайыс турнирінің қорытындысы бойынша жүлделі I орынды «Жас қыран» командасы (Н.Бисембиев, Б.Тоқтар), II орынды «Жалын.kz» (Ө.Орынбаев, Е.Мырза), III орынды «Парасат» (Е.Мұратов, Л.Бертілеу) жеңіп алса, «Үздік спикер» номинациясына Е.Мұратов, «Үздік төреші» номинациясына Ж.Науатова ие болды. Орыс лигасы бойынша I орынды «Козерог» командасы (А.Изтурганов, Н.Самарканов), II орынды «Фемида» (М.Нугманов, А.Байжазыкова) жеңіп алды. «Үздік спикер» номинациясына А.Изтурганов, «Үздік төреші» номинациясына А.Амруллина лайық деп танылды. Қазақ және орыс лигасы бойынша қатысқан барлық командалар арнайы алғыс хат және «Пікірсайыс – сөз додасы» атты оқу-әдістемелік кітапшалармен марапатталды. Қазақ және орыс лигасы бойынша турнир жүлдегерлері мен арнайы номинация иегерлеріне, үздік деп танылған жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар табыста-лып, жеңімпаздар арнайы кубокқа ие болды.

Мерген СҮЛЕЙМЕНОВ

Ата-баба арманы

Біз - тамырын тереңге жайған қазақ деген елдің ұландарымыз. Алаңсыз ататын таңды көру үшін тұтқиылдан жау келіп, тағдырымыз қыл көпір үстінде тұрған кезден де өттік. Күмбір-күмбір кісінетіп, қоңыраулы найза қолға алып, жауға қарсы аттанған қазақ батырларымыздың ерлігімен еліміздің іргесі сөгілмей, шаңырағымыз шайқалмай қалды. Халқымыз ғасырлар бойы кіндік қаны тамған жерін, елін, ұлттық салт-дәстүрін сақтап қалу үшін қасық қаны қалғанша аяңбай күрескен, ғасырлар бойы дербес ел болуды аңсап келген еді.

Иә, Тәуелсіздік – бабаларымыздың ежелгі арманы. Соңғы бес ғасырда ғана қазақ жерінде қаншама ұлт-азаттық көтерілістер болды. Азаттық толқынында шындалған қайсар халқымыз рухын жоғалтпады, өжеттігі мен келешекке деген сенімі мен мәдениетінен айырылмады, жасымады.

«Намыс тапталса, кек тұтанады» демекші, төрткүл дүниені дүр сілкіндірген әйгілі Желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының сол батырлардың ұрпағы екенін дәлелдеп берді. Шеруде «Азаттық!» деп ұрандаған жастарымызды «ұлтшыл» деп айыптады. Қаһарлы желтоқсанда аязға тонып, мұздай суға малшына қатып, итке таланып әскердің өткір күрегіне туралған, шаштарынан сүйретіліп, тіпті он-он бес жылға сотталып, ату жазасына кесілген қанды қырғында қаймықпай «күнәдан таза басымен, бозторғайдай қанымен» құрбан болғандарды ұмытсақ – Отанға жасаған опасыздығымыз.

16 желтоқсан – Қазақстан халқының жүрегінде қалған ұлы күн. Алақанымыздан сусып кеткен тәуелсіздік бақытын қолымызға қайта қондырдық. Аллаға мың да бір шүкір. Тәуелсіздік туын жоғары ұстап әрқашан нық сеніммен ілгері қадам басу – біздің басты парызымыз. Иә, әбден қудалауға түскен, қанаты қайырылған бұл ұрпақтың өкілдерін біз, жастар, еш уақытта ұмытпауға тиіспіз. Олардың ерлігін, өшпес рухын құрметтеу – біздің міндетіміз.

Нұркен ӘМІРАШЕВ

Желтоқсандықтардың ерлігіне тағзым ету – біздің парызымыз

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан дербес ел атанды. Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуінің басты себебі мен негізі болған - Желтоқсан оқиғасы. Қазақстандағы желтоқсан көтерілісі жаңа тәуелсіз мемлекеттің құрылуына алып келді, ұлттар мен ұлыстардың еркіндікке ұмтылысы болды, мұның өзі түптеп келгенде, әлемдегі демократияның өзгеруіне жол ашты. Мұндай тәуелсіз ел болу жолында жандарын пиде еткен желтоқсан қаһармандарын еш ұмытпауымыз керек. Желтоқсан қаһармандары өздерін жаппай соққыға жығып, қақаған аязда мұздай су шашқанына, қысым көрсетіп, ауыр соққының астына алғанына қарамастан бірнеше күн бойы халқының еркі мен мұң-қайғысын жанына жалау етіп, республиканың дербестігіне, еркіндігіне және тәуелсіздігіне қол жеткізу жолындағы күресті жалғастыра берді. Қ.Рысқұлбеков, Е.Сыпатаев, Л.Асанова, С.Мұхамеджанова сынды қайсар аға-апаларымыз өз денсаулығын, болашағын, тіпті өмірін де құрбандыққа шалды.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы уақыт өткен сайын алыстап бара жатырса да, жүректерде мәңгілік ұмытылмайтын қастерлі бір нәрсе бар. Ол – ел бостандығы үшін күрескен қазақ қыздары мен жігіттерінің рухына, ерлігіне деген тағзым, құрмет. Халқымызды 2 ғасыр бойы езіп келген империяның қуатты құрсауын бұзып, отарлаушылардың тас шеңгел құлдығынан құтылуды көксерген жастардың көз жасы мен қаны бекерге төгілмеді. Осы жастардың арқасында біз тәуелсіз Қазақстанда өмір сүрудеміз.

Біз осындай бейбітшіл, тәуелсіз мемлекетті сыйлаған аға-әпкелеріміздің ерліктерін еш ұмытпай, соны бағалай білуіміз керек. Сан ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсап өткен тәуелсіздік туы желбіреп тұр, жас Қазақстан шарықтап даму үстінде, елімізді қазір әлем мойындап отыр. Бұның барлығы - Елбасының сарабал саясатының, еліміздің жарқын болашағы мен игілігі жолында жасалып жатқан адал еңбегінің арқасы және халық келешекке үлкен сенім артып, елбасына шүбәсіз сенім білдіреді. Тек тәуелсіздігіміз баянды болғай, ағайын.

Айжан ИСКАЛИЕВА, Салтанат АУБАКИРОВА,
01101-топ студенттері

Уважаемый абитуриент! Если Вас привлекает получение высшего образования и стремление стать конкурентноспособным специалистом и быть полезным своей стране – то приходите учиться в Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова. Приходите на филологический факультет по специальности «Иностранный язык: два иностранных языка».

Выбор профессии – это Выбор судьбы!

Учитель - одна из самых гуманных, нужных и важных профессий. Именно учитель помогает молодежи обрести знания и нравственные основы и подготовить себя к будущей работе и выбору профессии. А сейчас Вы сами выбираете для себя профессию, и мы призываем Вас придти учиться к нам!

Кафедра германской филологии была основана в 1962 году. В настоящее время кафедра называется кафедрой теории и практики преподавания иностранных языков. Заведующей кафедрой является кандидат филологических наук, доцент Абуханова А.Г.

За годы работы кафедры подготовлено и выпущено множество специалистов, которые работают сейчас в школах и вузах Казахстана и других стран. Среди них



– Бырганым Айтимова – экс-министр науки и просвещения Республики Казахстан, постоянный представитель нашей страны в Организации Объединенных Наций; доктор филологических наук, Марьям Каппазовна Бисималиева: руководитель образовательного центра «Профессионал», активно участвующая в жизни университета; М.К.Бисималиева является рецензентом и оппонентом магистерских диссертаций.

В составе кафедры сейчас – крупнейшие специалисты, кандидаты филологических наук, доценты А.Г. Абуханова и М.В.Чечетко, старшие преподаватели Т.И.Нурушева, С.И.Кадыргалиева, И.Н.Касимова, преподаватели Р.Г.Шамгонова, О.Г.Полянина, А.Б.Насимуллина, Л.Т.Даулова. Они ведут большую научную и воспитательную работу и научные исследования в области филологии и методики.

Современное двухступенчатое образование предполагает два уровня подготовки – бакалавриат и магистратуру. Магистратуру на филологическом факультете открыли в 2003 году и кафедра активно участвовала в подготовке специалистов с академической степенью магистра. За эти годы их подготовлено немало – защитили магистерские диссертации: Ж.Т.Рысбекова, А.Б.Бакытжанова, Б.Т.Садретдинова, А.В.Дроздов, М.А.Салаутова, В.С.Зубков, А.А.Санжаров, С.В.Овчинникова, И.Н.Касимова, А.Е.Габдешева, А.С.Дейнеко, Н.К.Лысенко, А.С.Утебаева, Е.А.Михалева-Дроздова, А.О.Сагингалиева. Тематика и проблематика магистерских

диссертаций разнообразна и актуальна – это сравнительное изучение явлений языка и литературы различных национальных культур, проблемы немецкой народной баллады, творчества Р.Кипплинга, Р.Л.Стивенсона, В.Скотта, Ф.Кафки, Ф.Шиллера и И.В.Гете, Р.Б.Шеридана, а также проблемы лингвистики – в частности, работы, посвященные языку современной рекламы. Открытие магистратуры – важная веха в истории кафедры, факультета, она будет развиваться и в дальнейшем, и, возможно, Вам предстоит пополнить ее ряды и подготовить диссертацию к защите.

Преподаватели кафедры поддерживают связь с коллегами из других вузов ближнего и дальнего зарубежья, и студентам нередко представляется возможность

учиться за рубежом. В университет постоянно приезжает доктор наук, профессор из Германии, из университета им. Гуттенберга в г. Майнце, Бернхардт Динсбург и проводит семинары и лекции. Недавно два специалиста из посольства США в Казахстане Габриэль Шадиавичуте и Давид Нортон провели семинар по лингводидактике с преподавателями и учителями иностранного языка.

В настоящее время в магистратуре за рубежом учатся: в России – Лидия Скородумова и Гульшат Махамбетова, в Германии, в г.Фюльде – Марианна Пузаткина, в г.Мюнхене – Жанна Мусина, в докторантуре в г.Майнце – Владислав

Зубков. В г.Майнце проходила стажировку студентка Елена Зубкова, а студенты 4 курса учились один семестр в Турции, студенты 3 курса – один семестр в г.Быдгощ в Польше.

Обучение в рамках бакалавриата проводится по специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» - английскому и немецкому. Сроки обучения:

4 года /стационар/;

3 года – ускоренное заочное обучение;

5 лет – заочное обучение.

Подготовка в рамках магистратуры ведется по двум направлениям: годичного и двухгодичного обучения. Срок обучения:

1 год – профильное направление;

2 года – научно-педагогическое направление.

В результате обучения в магистратуре защищается магистерская диссертация по специальности 6М011900 «Иностранный язык: два иностранных языка» и присуждается академическая степень магистра.

Качество обучения гарантированное, трудоустройство выпускников также. Выбор профессии – это выбор судьбы. Поэтому в начале пути выбор должен быть правильным и мы предлагаем Вам такой выбор! Поступайте учиться на отделение иностранных языков филологического факультета! Мы Вас ждем!

ЧЕЧЕТКО М.В.,

к.ф.н., доцент кафедры теории и практики обучения иностранному языку

участвуют в научно-исследовательской работе, конференциях, олимпиадах и т.д.

Наши студенты успешно выступают на республиканских научно-практических конференциях и олимпиадах.



27-28 ноября 2008 года в Астане ЕНУ им. Л.Н.Гумилева проходила Первая Республиканская студенческая научно-практическая конференция по математике и информатике. На конференции приняли участие студенты специальности «Физика» Куниров А. с докладом «Потенциалдық шұңқырдағы кванттық бөлшекті компьютерлік моделдеу» (науч.рук. Жакиев Н.К.) и Досмухамбетова Д., Танатарова Г. «Фуко маятникінің компьютерлік моделдеуі» (науч.рук. Сырым Ж.С.). Эти работы были опубликованы в сборнике материалов конференции, а работа Кунирова Алмаса была отмечена грамотой.

Зарубежные контакты кафедры теории и практики обучения иностранному языку

Приглашение и работа зарубежных коллег на кафедре теории и практики обучения иностранному языку под руководством заведующей кафедрой, доцента Абухановой А.Г. – дело не новое. Традиция общения с зарубежными коллегами началась ещё в 1997г., когда на кафедру была приглашена представитель Корпуса Мира Эрин Стоукс из Бостона, США. В течение 2-х лет Эрин Стоукс проводила практические занятия и вела общественную работу Корпуса Мира. В 1998 г. на кафедре работал Дэвид Стилман из Уэльса, интересы которого, в основном, были связаны с экологией нашего Западно-Казахстанского края.

В 2000 г. руководство университета пригласило доктора наук Лизу Морган из штата Калифорния, которая провела ряд обучающих семинаров как для студентов старших курсов, так и преподавателей по теме: «Инновационные технологии обучения иностранным языкам». В 2005 г. преподаватели кафедры пригласили Майкла Фильдинга, главу фирмы KBR г.Атырау, который провел ряд встреч с преподавателями и студентами и организовал тренинги по техническому английскому языку. Технический английский является важным предметом для становления современного специалиста.

Во время общения со студентами 2-4 курсов Майкл Фильдинг пригласил наших студентов на работу в фирмы г.Атырау после окончания университета. В 2008 году международный отдел университета пригласил на кафедру Дэниэла Нэльсона, молодого представителя корпуса Мира, работа с которым принесла удовлетворение как преподавателям и студентам отделения иностранных языков, так и самому Дэниэлу, который тоже многому научился у наших преподавателей в плане методики преподавания английского языка. И, наконец, в начале 2011 учебного года руководство международного отдела университета пригласило доктора наук Бёрнхардта Динсбурга из Бонна, который в течение 1,5 месяцев плодотворно работал в контакте с преподавателями кафедры. В частности, он провел ряд занятий по морфологии английского языка со студентами 1-4 курсов, прочитал несколько лекций по истории английского языка для студентов 3-го курса, провел ряд встреч и семинаров по теме своей докторской диссертации для преподавателей кафедры. Общение и работа с опытным преподавателем из Германии, обмен опытом с преподавателями кафедры принесли значительные результаты как для студентов, так и для преподавателей кафедры теории и практики обучения иностранному языку в плане повышения квалификации и расширения контактов с зарубежными коллегами. Работа кафедры теории и практики обучения иностранному языку довольно многогранна и контакты с зарубежными коллегами дают определенный стимул для дальнейшего профессионального роста как преподавателей, так и студентов.

НУРУШЕВА Т.И.,

старший преподаватель кафедры теории и практики обучения иностранным языкам

Отметим достижения наших студентов-математиков за последние несколько лет.

В 2008 году олимпиада проводилась в г. Астана, командное - II место.

В 2009 году – в г. Туркестан, командное - II место, в личном зачете Кабасов Багдат, студент I курса, занял I место.

В 2010 году – в г. Кокшетау, командное - I место, в личном зачете Кабасов Багдат, студент II курса, занял I место.

По сложившейся традиции команда, занявшая I место, «привозит» республиканскую олимпиаду в свой университет.

Так, 14–15 марта 2011 года, на базе нашего университета проводилась Республиканская олимпиада по математике среди студентов высших учебных заведений. Как и в прошлые годы, олимпиада проходила в 2 тура. В ней приняли участие 13 команд из 12 университетов Республики Казахстан. Наш университет представил 2 команды в составе 4-х участников: Кабасов Б. и Сарин Т. (студенты 3 курса), Сагингалиева А. и Стульников Е. (студенты 2 курса).

В родных стенах наши олимпийцы также, показав себя на высоте, заняли командное II-е место, а наш Кабасов Багдат в личном зачете уже третий раз – I-е место.

Вхождение Республики Казахстан в мировое образовательное пространство привело к необходимости расширения межгосударственных связей ВУЗов. В настоящее время это проводится по программе академической мобильности, в соответствии с которой наши студенты имеют возможность на один семестр или один год выезжать на обучение в университеты других стран. Соответственно, наш университет принимает студентов других ВУЗов. Опыт такой мобильности на кафедре имеется. В 2011-2012 учебном году на кафедре обучаются студенты из Калмыцкого государственного университета по специальности «Физика».

На основе типовых учебных планов «5B010900 – Математика» и «5B011000 – Физика» 2011 года и учебного плана бакалавриата университета Гуттенберга (Германия) созданы совместные образовательные программы, построенные по модульной структуре.

Математика и физика – сложные предметы, но они интересны, дают возможность понимать окружающий мир, а возможные трудности в обучении помогут преодолеть наши преподаватели.

ЖУМАГАЛИЕВА А.Е., к.ф.-м.н., доцент,

КУЗЬМИЧЕВА А.Е., профессор,

КУЛЬЖУМИЕВА А.А., к.ф.-м.н., зав. кафедрой

Физико-математическое образование – ПУТЕВКА В ЖИЗНЬ

Кафедра физики и математики готовит бакалавров по специальности «5B010900-Математика» и «5B011000-Физика» со специализацией «информатика» и «английский язык». Сферой профессиональной деятельности выпускников специальностей «Математика» и «Физика» являются средние, средние профессиональные учебные заведения, организации образования и научно-исследовательские институты. По окончании бакалавриата студенты могут продолжить обучение в магистратуре нашего университета или других ВУЗов Республики Казахстан.

Заметный подъем экономики и производства в нашем государстве, их дальнейший рост и развитие, внедрение инновационных технологий делает физико-математическое образование особенно востребованным. Такое образование начинается в школе. Поэтому наша кафедра стремится к непрерывному совершенствованию профессиональной подготовки учителя, соответствующего современным требованиям общества.

Кафедра физики и математики - одна из старейших кафедр университета, функционирует с 1932 года, с момента открытия университета (педагогического института). На кафедре работают высококвалифицированные преподаватели, кандидаты наук, доценты и профессора. Педагогический коллектив кафедры совершенствует содержание образования, использует традиционные и современные образовательные технологии, разрабатывает в помощь студенту электронные учебники, методические материалы на электронных носителях.

Кафедра имеет хорошую материальную базу, обеспечена физическими лабораториями и мобильным компьютерным классом. Студенты работают в компьютерных классах и пользуются электронной библиотекой.

Кроме обязательного изучения программного материала и элективных курсов по математике и физике студенты



**Р
К
Є
Н**

№ 15 (872) желтоқсан 2011 жыл

15



СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



Р
К
Е
Н

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай 2 желтоқсан күні Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-да ЖОО мен АОО арасында үстелді теннистен сайыс оздырылды.

Үстелді тенниске оқытушылардан құралған 6 команда қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ I орынға, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ II орынға, БҚГА



III орынға ие болды. Жеке ойыншылар арасында дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы А.Х.Жұмағалиев I орынға қол жеткізді. Жарыс соңында дәрежелі орынды иеленген командалар арнайы дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Батыс Қазақстан кубогі үшін ерлер арасында 7-11 желтоқсан аралығында волейбол ойынынан жарыс өткізілді.

Айтиев атындағы спорт сарайында 18 команда ойын көрсеткен жарысқа 216 спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ құрама командасының спортшылары жүлделі III орынды иеленді.

Дене тәрбиесі ұжымдарының арасында 3 ай көлемінде қала біріншілігі үшін шағын футбол ойынынан өткізілген жарысқа 32 команда қатысып, 384 спортшы ойын көрсеткен.

Бұл жарыста М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың құрама командасы жүлделі II орынды қанжығасына байлады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай университет жатақханасы студенттерінің арасында «Денсаулық» топтары арасындағы көңілді эстафеталық жарыс оздырылды.

Жарыс мақсаты - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру үшін жастарды ортақ іске жұмылдыру, салауатты өмір салтын ұстанатын тұлғаларды қалыптастыру. Жарысқа тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Даришева, педагогика факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.С.Абдрахманов, студенттік ректор Е.А.Асылханова, «БҚМУ Кәсіподағы» ЖҚБ төрайымы А.Перғалиева қатысты. Жарыста 4 команда бақтарын сынады.

Жарыс «Кім жылдам?», «Суретші», «Кім епті?», «Кім ұтқыр?», «Допты мәреге жеткізу», «Ойлан, тап», «Паравоз» сияқты эстафеталық ойындар нәтижесінде I орынды «Жалын» тобы, II орынды «Жеңіс» тобы, III орынды «Жас қыран» тобы жеңіп алды. Ынталандыру номинациясын «Парасат» тобы иеленді.

Қазақ халқының ұлттық спорт түрлерін көпшілікке насихаттау және студент жастар арасындағы қазақ күресін жандандыру мақсатында Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған қазақ күресінен университет біріншілігі өтті.

Жарысқа Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы,



спорт қайраткері Қ.И.Исмағұлов, Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы, спорт қайраткері Ж.С. Жәрдемөв қатысты.

Жарыс -60кг, -70кг, +70 салмақ дәрежесінде өтті. Жарысқа кәсіпқой спортшылармен қатар әр факультеттің қазақ күресімен айналысып жүрген студенттері қатысып, бақ сынасты. Нәтижесінде 60 келі салмақ дәрежесінде Н.Серіков, 70 келі салмақта Б.Сұлтанбек, 70 келіден жоғары салмақта Ғ.Сайынов қарсыластарынан оқ бойы озып шығып, үздіктер қатарынан табылды.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған үстел теннисінен спартакиада өтті.

Университетте үстел теннисін дамыту, университет құрама


командасына ойыншылар іріктеу, салауатты өмір салтын насихаттау - сайыстың басты мақсаты болатын.

Спартакиадаға университет факультеттері мен БҚМУ колледжі студенттерінен құралған 7 құрама команда қатысты. Ойын қорытындысы бойынша I орынды жаратылыстану-математикалық факультеті, II орынды БҚМУ колледжі, III орынды педагогикалық факультеті иеленді. Спартакиадаға белсенді қатысқан студенттер дипломдар мен алғыс хаттарға және арнайы сыйлықтарға ие болды.

Ұлттық денсаулық күніне орай М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың оқытушылары мен студенттерінен құралған командалар арасында волейболдан ойын ұйымдастырылды.

Спорт сарайында өткен жарысқа 7 команда қатысты және факультет декандары, тәрбие ісі бөлімінің жетекшісі М.И.Исатаев, мәдени-демалыс жұмысының жетекшісі М.Қ.Сүлейменов шақырылды. Жарыс нәтижесінде экономика және басқару факультетінің құрама командасы I орынға, БҚМУ колледжінің құрама командасы II орынға, педагогика факультетінің құрама командасы III орынға қол жеткізді.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың педагогикалық факультетінде «Спорт: кеше, бүгін, ертең» тақырыбындағы танымдық көш өткізілді. Кештің мақсаты - студенттердің бойына салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, белсенділігін арттыру және таңдаған спорт саласын жетілдіру.



Кешке педагогикалық факультеттің профессор-оқытушылар құрамы және студенттері қатысты. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдыққа дейінгі және 20 жылдағы Қазақстан спортшыларының жетістігі және болашағы туралы танымдық ақпараттар айтылды. Өз мамандығының кәсіби шебері болу үшін бүгінгі күннен бастап студенттерге не қажет болатындығы ескеріліп, ұстаздардың тарапынан кеңестік дәрістер оқылды.

«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» республикалық акциясы аясында студент жастардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және оны насихаттау, жағымсыз қылықтардан аулақ болуға, дұрыс тамақтану мен жеке гигиенаны сақтауға баулу мақсатында факультеттердің оқытушылары мен студенттерінен құралған волейбол командаларының арасындағы университетішілік жарыс оздырылды.

Жарысқа облыстық туризм және спорт басқармасының маманы М.Қалабаева, облыстық ішкі саясат басқармасы жастармен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы Б.М.Хайруллин, Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы, спорт қайраткері Қ.И.Исмағұлов, Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы, спорт қайраткері Ж.С.Жәрдемөв, университеттің ректораты мен профессор-оқытушылар құрамы, медбикелері және студенттер қатысты.

Акция барысында жастарды есірткісіз өмір сүруге бағыттап, салауатты өмір салтын таңдауға шақырды. Әр факультеттің арнайы акцияға дайындаған «Денсаулық» тақырыбындағы қабырға газеттері ілінді. Шылым шегудің зардаптары, алкоголь ішімдіктерінің, есірткі заттарының адам өміріне қауіптілігі, инфекциялы жұқпалы аурулардың пайда болуы, дұрыс тамақтанбаудың зардаптары жөнінде айтып, осы жағдайларға ат-үсті қарамауға кеңес берілді. «Есірткіден аулақ болайық!», «Шылым шегу сіздің денсаулығыңызға зиянды», «Есірткісіз өмір сүр!» тақырыптар бойынша арнайы ақпараттық үлестірмелі қағаздар таратылды.

«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» республикалық акциясының аясында «Дене шынықтыру белсенділігі – денсаулық көпірі!» тақырыбында университетіміздің спорт ардагерлері мен спорт шеберлерінің қатысуымен семинар-кеңес өткізілді.

Семинар мақсаты - өркениетті ел азаматының денсаулығы мықты, хал-ахуалы жақсы болу үшін зиянды әдеттерден - ішімдік, нашақорлық, шылым шегу - денсаулыққа, болашақ ұрпаққа жау екендігін түсіндіру, денесін шыңдауда шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, әдемі болуға тәрбиелеу болатын.

ҚР-ның Құрметті спорт қайраткері, еңбек сіңірген жаттықтырушы, спорт клуб төрағасы Ж.С.Жәрдемөв, бокстан спорт шебері, университет доценті, жаттықтырушы К.Т.Кубашев, университетіміздің спорт шебері мен үміткерлері қатысты.

Семинар-кеңесте «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында аса маңызды үш мемлекеттік бағдарлама – білім беру, денсаулық сақтау және тілді дамыту мәселелері талқыланды.

Дене тәрбиесі кафедрасында ұйымдастырылып өткізілген ұлттық «Денсаулық» күні шеңберінде «Мен салауатты өмір салтын қолдаймын!», «Денсаулыққа 20 қадам!» газеттеріне студенттер өз қолтаңбасы мен пікірлерін қалдырды.

Құттықтаймыз!!!

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық

мерекесіне орай ҚР Білім

және ғылыми министрі

Бақытжан Тұрсынұлы

Жұмағұлов оқу орындарының

бір топ оқытушылары мен

қызметкерлерінің абырой-

лы еңбектерін бағалап,

«ҚР Тәуелсіздігінің 20 жыл»

мерекелік медалін табыс еткен

болатын. Осындай мәртебелі

марапатқа университетіміздің

Құрметті ректоры Тұзақбай

Бейітұлы Рысбеков, кадр

бөлімінің бастығы

лауазымын атқарған, бүгінде

зейнет демалысындағы Татьяна

Васильевна Подгорная ие

болды. Сондай-ақ білім мен

ғылымыдағы сүбелі еңбегі үшін

жаратылыстану-математикалық

факультетінің деканы Айгүл

Бақтығалиқызы Исдешова

«Оқу-ағарту ісінің үздігі»

марабатына ие болды.

Марапат иелерін құттықтай

отырып, ел игілігі жолындағы

еңбектеріңізге толағай табыстар,

нәтижелі жетістіктер тілейміз.

Университет ұжымы

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ
ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ
ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ.
ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ
ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ
КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.

Газет айына бір рет шығады.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
келісімімен мерзімді баспасөз басылым-
дарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін
26.01.2011ж. есепке алу туралы №11390-Г
куәлігі берілген.

Индексі 090000

Таралымы 1000

РЕДАКТОР:

ШЫНТЕМІРОВА

Гүлсая Каримоллақызы

ТІЛШІЛЕР:

АСЫЛХАНОВА Елдана

СРАЛИЕВА Мейрамгүл

ӨМІРАШЕВ Нұркен

КОРРЕКТОР:

БЕККУЖИЕВА Светлана

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

АБДУЛЛИНА Асель

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және

графикалық жобалау зертханасы

Газет БАҚ және баспа орталығында
теріліп, беттелді. «Полиграфсервис»
ЖШС баспаханасында басылды.

Сарайшық көшесі, 34, тел.: 50-76-52

Біздің сайт: www. wksu.kz

e-mail: IC_SMI@wksu.kz

16

№ 15 (872) желтоқсан 2011 жыл